

**"Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiне
Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабiлеттiлiгiн қалпына келтiру және
банкроттығы мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2022 жылғы 29 сәуiрдегi № 273 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкiметi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодексiне
Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабiлеттiлiгiн қалпына келтiру және
банкроттығы мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентi
Мәжiлiсiнiң қарауына енгiзiлсiн.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрi*

Ә. Смайылов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы кодексiне Қазақстан
Республикасы азаматтарының төлем қабiлеттiлiгiн қалпына келтiру және банкроттығы
мәселелерi бойынша өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шiлдедегi Қазақстан Республикасының "Әкiмшiлiк құқық
бұзушылық туралы" Кодексiне мынадай өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлсiн:

1) 62-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа, тұлға әкiмшiлiк құқық бұзушылық
жасалған күннен бастап екi ай өткеннен кейiн әкiмшiлiк жауаптылыққа тартылуға
жатпайды.";

3-тармақтың екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы, оналту, банкроттық, азаматтардың төлем қабiлеттiлiгiн қалпына келтiру
және сот банкроттығы саласында әкiмшiлiк құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға
әкiмшiлiк құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жылдан кешiктiрiлмей
әкiмшiлiк жауаптылыққа тартылуға жатады, бiрақ әкiмшiлiк құқық бұзушылық
анықталған күннен бастап екi ай өткеннен кейiн әкiмшiлiк жауаптылыққа тартылмайды
";

2) мынадай мазмұндағы 176-1-баппен толықтырылсын:

"176-1-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және азаматтардың банкроттығы кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер

1. Мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты құқық белгілейтін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау, егер бұл әрекеттерді жеке тұлға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы кезінде жасаса және оларды қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы кезінде жеке тұлғаның жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын басқа кредиторларға көрінеу нұқсан келтіре отырып құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілерін қамтымайды -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) мынадай мазмұндағы 181-1-баппен толықтырылсын:

"181-1-бап. Қаржы басқарушысының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамасын бұзуы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы уәкілетті органға азаматтың банкроттығы туралы іс қозғау және кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды оның интернет-ресурсына орналастыру үшін жіберу міндетін орындамау не тиісінше орындамау -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәлімделген кредиторлардың талаптарын қарау нәтижелері бойынша шешімді уақтылы қабылдамау, -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру және уәкілетті органға уақтылы жібермеу жөніндегі міндетті орындамау -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізу міндетін орындамау -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Борышкердің мүлкіне бағалау жүргізу міндетін орындамау -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Борышкердің қаржылық жай-күйі туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша сотқа қорытынды беру міндетін орындамау -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Банкроттың міндеттемелерін тоқтату туралы немесе мұндай тоқтатудан бас тарту туралы мәселені қарау кезінде дәлелдемелер ретінде соттың зерттеуіне жататын мән-жайлардың болуы (болмауы) туралы қорытындыны жасау міндетін орындамау - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу және оны бекіту үшін сотқа ұсыну міндетін орындамау -

9. Борышкердің кредиторына жазбаша сұрау салуы негізінде оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу барысы туралы ақпарат беру жөніндегі міндетті орындамау - ескерту жасауға әкеп соғады.

10. Банкроттан мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, сондай-ақ оның мүліктік массасын өз басқаруына қабылдау міндетін орындамау - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы уәкілетті органға мүлікті өткізу туралы хабарландыруды оның интернет-ресурсына орналастыру үшін жіберу міндетін орындамау -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

12. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы уәкілетті органға мүлікті өткізу барысы туралы ағымдағы және сұралатып отырған ақпаратты ұсыну жөніндегі міндетті орындамау не тиісінше орындамау -

ескерту жасауға әкеп соғады.

13. Борышкердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды бұза отырып, азаматтың банкроттығы туралы іс қозғалғанға дейін жасаған мәмілелерін анықтау міндеттерін орындамау және оларды жарамсыз деп тану не мүлікті сот тәртібімен банкроттың мүліктік массасына қайтару туралы талаптар қоймау -

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

14. Әдейі банкроттық белгілерінің болуын көрсететін, қолда бар деректер туралы құқық қорғау органдарына хабарламау, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

15. Банкроттың мүлкін азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамада көзделген тәртіпті бұза отырып, сатуды жүзеге асыру - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

16. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібін бұза отырып, кредиторлармен есеп айырысу жүргізу -

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

17. Осы баптың бірінші, екінші және он екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -

18. Осы баптың алтыншы, оныншы, он үшінші, он жетінші және он сегізінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

19. Осы баптың үшінші - тоғызыншы, он бірінші, он төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -

алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

20. Қаржы басқарушының басқа кредиторларға көрінеу залал келтіре отырып, жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы, егер бұл әрекеттер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы кезінде жасалса және оларда қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

21. Осы баптың он бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Әдейі банкроттық

Занды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің әдейі банкроттық, яғни құрылтайшының (қатысушының), лауазымды адамның, заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын тұлғаның, сол сияқты дара кәсіпкердің заңды тұлға немесе дара кәсіпкер банкрот деп танылғанға дейін үш жыл ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы жеке мүддесі немесе өзге тұлғалардың мүдделері үшін жасалған әрекеттері, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса,-

жеке тұлғаға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Азаматтың әдейі банкроттығы, яғни оның орындалмауы банкроттық үшін негіз деп танылған міндеттемелер туындаған күннен кейін мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында оны банкрот деп таныған күнге дейін үш жыл ішінде жасалған әрекеттері, -

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

5) 720-баптың бірінші бөлігі "181," деген цифрдан кейін "181-1," деген цифрмен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК